

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасында әуе қатынасы туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 қыркүйек N 1294

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679\_ заң күші бар Жарлығының 7-бабының 2) тармақшасына және 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының

Үкіметі арасында әуе қатынасы туралы келісім жасалсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм Министрі Серік Мінурұлы Бүркітбаевқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасында әуе қатынасы туралы келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.